

Түркістан облысы Келес ауданы
«№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС



2021-2022 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА
№52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№212

ПРИКАЗ

Қаратал ауылы

«10» «09» 2021 жыл

«Ата-аналар комитетінің
құрамын сайлау» және
байланысты нығайту туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ата-аналарды мектепшілік атқарылатын іс-шараларға тарту мақсатында қызықты тренингтер, дөңгелек үстелдер, сайыстар ұйымдастырылсын..
Ата-аналарды мектептің Ішкі тәртіп ережесімен таныстырылып, балаларын орындауы қадағалансын.
2. 10.09. 2021 жылғы мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысының шешімі бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы болып **Нышанбаева Айгул** болып тағайындалсын:

Мүшелері: Абдиева Нұрсұлу
Тоқтасын Ұлжан

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **М. Кузенбаеваға** жүктелсін.

Мектеп директоры:



Г. Бекжанова

"Бекітемін"

Мектеп директоры:

Г. Бекжанова

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі бойынша
ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары.
2021-2022 оқу жылы.**

к/с	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу нысаны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар кеңесінің отырысы: -Ата-аналар комитетінің төрайымын тағайындау; -Жаңа оқу жылында өтілетін іс-шара жоспарымен таныстыру;	Жоспар, мәлімет	қыркүйек	ДТІЖО Кузенбаева М
2	Ашық әңгіме: «Жастар жарқын өмірді таңдайды,ол үшін біз не істеуіміз керек?»	Анықтама	Жылына 2 рет	8-11 сынып жетекшілері
3	Ата-аналармен кездесу: -Ерекше назардағы оқушылардың ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету; - «Ананың көңілді балада, баланың көңілі далада». -«Оқушының бос уақыты» Сауалнама толтыру.	Мәлімет	Қазан Сәуір үнемі	ДТІЖО Кузенбаева М Педагог -психолог Кенжебаева Б
4	Отбасылық кеңес: «Сұрақ – жауап» "Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесі"	Анықтама	ақпан	ДТІЖО Кузенбаева М
5	Дөңгелек үстел: "Атам, әкем және мен-біз салауатты отбасы."	Мәлімет	қаңтар	ДТІЖО Кузенбаева М
6	Пікір сайыс: «Ата-ана және ұстаз»	Мәлімет	кезінде	Педагог -психолог Кенжебаева Б
7	КТІЖБ инспекторымен	Мәлімет	кезінде	сынып жетекшілері
8	Құқықтық оқыту: ҚР «Неке және отбасы» туралы Заңы; ҚР-Бала құқығы туралы заңы ҚР «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық, бұзушылықтың филактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын алу туралы» Заңы	Анықтама	Өр токсан	ДТІЖО Кузенбаева М Әлеуметтік педагог
9	Сайыс: «Өнегелі отбасы»	Сценарий мәлімет	наурыз	Анаркүл Ш
10	Ата-аналар кеңесінің отырысы: Жылдық есеп Жаңа оқу жылын жоспарлау	Мәлімет	мамыр	ДТІЖО Кузенбаева М

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М. Кузенбаева

**№ 52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген
жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1**

15.09. 2021 жыл

Қаратал ауылы

Қатысқан ата-аналар саны- 45

Мектеп директоры - Г. Бекжанова

Ата-аналар кеңесінің төрайымы - Адеева Р

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - М. Кузенбаева

Мектеп психологі - Кенжебаева Б

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің 2020 -2021 оқу жылында атқарған жұмыс есебі.
 2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту.
 3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу.
 4. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізілуін насихаттау..
 5. Мектеп формасы және мектеп ережесі
 6. "Баланың жанын түсіну - баршаға ортақ"
- Баяндама.

Тыңдалды:

1. **Ата-аналар комитетінің төрайымы Адеева 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмысы туралы есеп берді.** Құрметті ата-аналар, ұстаздар! Сіздерді жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Биылғы оқу жылында да ата-аналар, сіздермен ынтымақтастықта байланыс жасап, балаларымыздың игілігі үшін біршама жұмыстар атқарамыз деп сенемін. Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігінің колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдаларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Былтырғы оқу жылында сіздермен біршама жұмыстар атқардық. Атап айтсақ, «Ашық есік» күндерінде оқушыларымыздың сабақтарына, әр түрлі мерекелік шаралар, " Үлгілі отбасы -2020" кереметтей обасылық сайыс, қайырымдылық акцияларына, жақсы сауықтыру жұмыстарына қатыстық. Бұл – біздің ата-аналық міндетіміз екенін ұмытпаңыздар. Мінекей биыл Елбасымыздың арқасында балаларымыз жаңа мектепке кіріп оқып жатыр. Біздің қуанышымызда шек жоқ.
2. **Мектепшілік ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.** Мектепшілік ата-аналар кеңесінің төрайымы Р. Адеева, құрметті ата-аналар, мен де жалпы ата-аналардың атынан сіздерге жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Сіздерге отбасыларыңызға береке балаларыңызға амандық тілеймін.. Жаңадан құрам сайлайсыздар ма әлде құрам мүшелері қала бере ме соны шешіп алайық. Былтырғы оқу жылында ата-аналар кеңесі біршама жұмыстар атқарды.
3. **Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы,** мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға берілді.. Құрметті ата-аналар! Баланың қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығын бұзғаны үшін ересектердің жауапкершілігі заңнамамен белгіленген. Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 10-бабына сәйкес мемлекет баланың жеке басына ешкімнің

тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тегін және «немесе» жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден қорғауды жүзеге асырады. ҚР Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясында кезкелген сипаттағы зорлық-зомбылық жасағаны, сексуалдық және экономикалық пайдаланғаны, бала ұрлағаны және сатқаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Сонымен, Қазақстан Республикасында балаға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмауда, алдын алуда, қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аудару керек. Қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аудару керек.

4. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізілуін насихаттау бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Е. Құрбанбеков сөз алды. Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңын іске асыруды, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды толық біліммен қамтылуын «Мектепке жол» акциясын өткізу мен ұйымдастыру жөніндегі бұйрық 20221 жылы 1 тамыздан 30 қыркүйек күндері аралығында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының мақсаты: мектеп жасындағы балаларды білім ұйымдарында оқумен қамту, әсіресе күн көрісі төмен отбасыларынан шыққан балаларға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі іс - шараларды өткізу. Құрметті ата-аналар акцияға бір кісідей ат салысып өткізейік.

5. Мектеп формасы туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптары бекітілгенін білесіздер. Мектеп формасының үлгісі және түсі классикалық үлгіні ұстанып, бірыңғай түстердің үйлесімді гаммасын, үш түстен артық емес түстерді қосуға болады. Мектеп формасы туралы сұрақты талқылауға қатысуға және оны жетілдіруге ұсыныс енгізуге ата-аналардың құқығы бар. Оларға мектеп формасын отандық өндірушілерден сатып алу ұсынылады. Қыз балаларға арналған мектеп формасына: пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық үлгідегі жейде көк түсті, қыз балаларға арналған шалбардың ұзындығы тобықты жауып кең пішіледі. Ер балаларға арналған мерекелік форма ақ көйлекпен, қыз балалар үшін ақ жейдемен толықтырылған күнделікті киетін формадан тұрады деп келіскенбіз. Еліміздегі болып жатқан іңдетке байланыст мектеп формасы бір түсте классикалық түрде болады деп келісітік.

Ішкі тәртіп ережесі. Оқушылардың өмір қауіпсіздік ережесі. Ата-аналардың міндеттері. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева. Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде жағымды жағдай жасау, мектеп маңы мен мектеп өмірінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, адами құндылықтарды сыйлауға, қоғамда өздерін таныта білуге дағдыландыратын мектеп оқушыларының тәртіп ережелерімен таныстырып өтті.

6. «Баланың жанын түсіну – баршаға ортақ»

Баяндамашы – мектеп психологі Б. Кенжебаева Бала дегеніміз - болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. Ұлт

тәрбиесі- ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертенгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді, денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та атсалысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі- ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Ата-аналардан Б. Кенжебаев, К. Исабеков өз сөздерінде тәртіпті нығайту, ата-ананың жауапкершілігі туралы және ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлау керек деген ұсыныстарын айтып өтті.

Қаулы етеді :

1. 2021-2022 оқу жылының мақсаты мен міндеттерін әр ата-ана есте ұтасын.
2. Мектепшілік ата-аналар кеңесі төрайымы - А. Нышанбаева
мүшелері: Н. Абдиева,
мүшелері Ұ. Токтасын сайлансын.
3. Мектеп оқушыларын бірыңғай мектеп формасымен киіндіру әр ата-анаға міндеттелінеді.
4. Әрбір оқушы, ата-ана мектептің ішкі тәртіп ережесін, оқушылардың өмір қауіпсіздік ережесін, ата-аналардың міндеттерін, еске алсын.

Жиналыс төрайымы :



Г. Бекжанова

Хатшы:



М. Кузенбаева

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінде өзіне-өзі қол салу, отбасында зорлық-зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларын болдырмаудың алдын алу мақсатында ата-аналармен, сынып жетекшілермен және педагогикалық ұжым арасында өткізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

05.12.2021

Қаратал ауылы

Қатысқандар:

Ата-аналар -26

Мектеп директоры - Г. Бекжанова

Дир. тәрб. орынбасары - М. Кузенбаева

Әлеуметтік-педагог - Е. Құрбанбеков

Психолог -Б. Кенжебаева.

Педагогикалық ұжым -25

Қаралатын мәселе:

- Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол малу, зорлық-зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларының , ерте жүктіліктің алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру

Мектеп директоры Г. Бекжанова , құрметті ата-аналар, адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырататын мән-жайлар болып табылады. Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар.

Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен.

Отбасынан баланың қашуының басты бір себебі – жанұядағы зорлық-зомбылық. «Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда, одан ешкімнің ештеңесі кетпейді» деген түсініктен арылу керек.Кікілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады. Бала біздің болашағымыз,келешегіміз, балаларыңыздан мейірімдеріңізді аямаңыздар.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева, отбасы - шағын мемлекет десек бұл оның қоғамдағы алар орнына қарай айтылса керек. Осы бір ғибратты сөз босағаның берік, шаңырақтың биік болуын, халық санының көбейіп, қоғам

байлығының еселеп артуына тигізер ықпалы бар болғандықтан да отбасын шағын мемлекетке теңесе керек. Өкінішке қарай түрлі жағдайларға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейкүнә сәбилердің жаутаңкөзге айналып жататын кездері де аз емес. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.

Мектеп психологы Б. Кеңжебаева құрметті ата-аналар ғалымдар зорлық-зомбылықтың бірнеше түрін көрсетеді : физикалық ,психологиялық, экономикалық , сексуалдық ж/е т.б
Физикалық зорлық-зомбылық:

Түрткілеу, шымшу, алақанмен немесе жұдырықпен не болмаса басқа да нәрселермен ұру, шашын жұлу, ешқайда шығармау, тұншықтыру, соққыға жығу, ұрып – соғу, қару- жарақ қолдану, отпен зақымдау, қабырғаға соғу, заттарды дақтыру.

Күш көрсету зорлық – зомбылығынан кейін балалардың мінез – құлығындағы байқалатын өзгерістер:

- балалар ересектерден, ата – аналарынан үнемі қорқатын болады;
- балалар агрессивті, тез ашуланғыш немесе тұйық болады;
- қарым – қатынас дағдысы баяу дамиды;
- оқуда туындайтын қиыншылықтар: үлгермеушілік, жинақылық қасиетінің жоқтығы, тіл дамуының баяулығы;
- үйден қашуы немесе құқықбұзушылыққа бейім болуы;
- кездейсоқ дене жаракатына тап болу себебін түсіндіре алмауы;
- икемсіз қозғалуы мен дене мүшелерінің ауыруы;
- қажеттілік болмаса да денесін киіммен бүркеуі;
- нашар баға алғаннан кейін үйге қайтуға жігерсіздігі.

Психологиялық зорлық-зомбылық:

Сөзбен кемсітушілік, көңілге тиетін лақап атпен атау, ұрысу, бопсалау, намысқа тиетін сөз айту, қорлау, айғайлау, дауыс көтеру, келеке қылу, өсек айту, үнемі сынау, бұйрық беріп қысым көрсету, аңду; жәбірленушінің қызметін бақылау; жәбірленушінің араласатын ортасын бақылау; жәбірленушінің әр түрлі орындарын (әлеуметтік және медициналық көмегін, жолкөлігін, достарымен араласуын, білім алуын, жұмысын және т.б.) бақылау. Психологиялық зорлық – зомбылық кезінде баланың мінез – құлығында кездесетін келеңсіздіктер:

- мазасыздық немесе қобалжу;
- ұйқының бұзылуы;
- тәбеттің төмендеуі;
- ұзақ уақыт дегбірсізденуі;
- эксцентременталды мінез – құлықтың пайда болуы;
- өз – өзіне қол жұмсау немесе қауіп – қатері;
- басқа да адамдармен дұрыс қарым – қатынаста болмауы;
- ең төменгі бағаға ие болу.

Экономиялық зорлық-зомбылық — адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және (немесе) психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Ақшаны тартып алу және тек сұранысына немесе қажеттілігіне қарай (кітап, дәптер, қалам сатып алуға) шектеп қаражат беру, сыныптас достарының туған күндеріне ақша жинау, сондай – ақ дүкендерге барғанда ақша жұмсауына үнемі қадағалау жүргізу сияқты жәбірлеудің бұл түрі де зорлық – зомбылыққа жатады.

Аталар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек.

«Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек» деп сөзін аяқтады.

Шешім:

- Кәмелетке толмағандар арасындағы өзіне-өзі қол салу, зорлық-зомбылық пен әлімжеттілік жағдайларының, ерте жүктіліктің алдын алу, ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:



Г. Бекжанова

А. Сейітжанова



**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебінде өткізілген жалпы
ата-аналар жиналысының**

№4 хаттамасы

Қаңтар айы

Қаратал ауылы

Қатысқаны- 35 ата-ана

Тәрб. ісі жөн.орын.: М. Кузенбаева

Психолог : Б. Кенжебаева

Әлеуметтік -педагог: Е. Құрбанбеков

Тәлімгер: Ш. Анаркүл

Сынып жетекшілер

Мектеп медбикесі: А.Сұлтанқұлова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1."Салауатты өмір салты бойынша нашақорлық пен есірткіге қарсы күрес"
2. " Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы"
Баяндама.
3. Тренинг, сауалнама.

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаева М.бүгінгі таңда жастар ортасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жұмыссыздық, қылмыс пен өз бетімен кетушілік, рухани азып-тозушылық туралы жиі айтылады. Мұндай теріс ағымдардың белен алғандығын жасырмаймыз. Қазіргі таңда қоғамды алаңдататын аталған сипаттағы мәселелер.

Ежелден «Бірінші байлық» аталған денсаулықтың жайын қазақ қашаннан жоғары бағалаған. Расында да адам баласы үшін денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Денсаулық дұрыс болмаса, бойынды дерт жайласа, ештеңенің мәні келмейді. Біздің жұрт «Қай жерің ауырса-жаның сол жерде» деп те жатады ғой. Бұл да шындық, осының бәрі ата-бабаларымыздың денсаулық мәселесіне айрықша көңіл бөлігенін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ел қуаты. Ел қуаты болашақ жастар. Сонғы жылдары жастар арасындағы нашақорлық аса өзекті проблемаға айналды.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Құрбанбеков Е ,салауатты өмір салты дегеніміз – тек қана зиянды әдеттерден бас тарту ғана емес, бұл өз денсаулығына деген жауапкершілікті сезіну, жанұяда бақытты тұрмыс құру, бос уақытты мағыналы өткізу, адамның рухани жан – дүниесін байыта түсу мен дене тәрбиесімен айналысу, осының бәрі қоғамдық мүлдемен

ұштасатынын, сонымен тоғысатынын түсіну, яғни Қазақстан азаматы деген атаққа қай жағынан болса да лайықты болу.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Б. Кенжебаева " Бала тәрбиесін дегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы " атты баяндама оқыды.

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, кастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін көрген, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.

Жанұяда жалғыз қасиеттер балаға сөзбен, үлкендердің үлгісімен сіңеді адамилық, қарымдылық, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық .

Үшінші мәселе бойынша ата-аналардан сауалнамалар алынды.

Шешім

1. "Салауатты өмір салты" бойынша нашакорлық пен есірткіге қарсы күрес" бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

2. " Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы" баяндама қанағаттанарлы деп табылсын

3. Ата+аналарға тренингтер, сауалнамалар үнемі алынсын .

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

М. Кузенбаева

Ш. Анаркүл